

12 Мамыр
Жұма,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ЖЕҢІС КҮНГІ ҰРПАҚТАРДЫҢ ТАҒЗЫМЫ

9 МАМЫР КҮНІ ЖЫЛДАҒЫ ДӘСТҮРМЕН АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНАН ОРАЛ-
МАҒАНДАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШКЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ.



Өрине, бүгінде ауданда соғыстың тірі куәгері жоқ. Бірақ, сол сұрапыл жылдары тылда бел шешпей еңбек еткен балалар, бүгінгі еңбек ардагерлері бар. Жұртшылыққа ізгі лебізін жолдаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев олардың өмір жолын ұрпаққа үлгі етті. Олардың үлесі де ерлікке пара-пар. Бүгінгі өскелең ұрпаққа өшпес өнеге

болып қала бермек. Аудан әкімі Жеңістің Қазақстан тәуелсіздігі тарихындағы маңызды рөліне тоқталып, оған ел халқының бірлігі арқасында қол жеткізілгенін атап өтті.
– Бүгін – 1945 жылы аяқталған Ұлы Жеңістің 78 жылдық мерекесі. Ең алдымен бұл мереке – ардагерлеріміздің мерекесі. Сұра-

пып соғыстың ішінен аман-есен шығып, жауды жеңіп, бізге бейбітшілік пен тыныштық сыйлады. Тарих көші үнемі жаңаланып отырады. Десе де, ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар бар. Соның бірі екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін, батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлі-

гін ешкім де ешқашан да ұмытпақ емес. Салтанатты шара барысында соғыс ардагерлерінің ұрпақтары да өшпес ерліктің үлгісін көрсеткен ерлердің ерлігі жайында тебірене еске алды. Одан кейін аудандық мәдениет үйінің алдында мерекелік концерт болса, тыл ардагерлеріне арнап, ас берілді.

«ҰРАҢДЫ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ КАҰСАР»

ӨТКЕН АПТА «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ. БҰЛ КҮН ЕЛІМІЗ ҰШІН АЙТУЛЫ, МАҢЫЗЫ БӨЛЕК МЕРЕКЕ.



Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы аудан тұрғындарын мерекемен құттықтап, бірқатар азаматтарға қажырлы еңбектері үшін алғыс хат табыстады. Тарқатып айтсақ, аудан аумағында қауіпсіздікті сақтап, қылмыстардың алдын алудағы қажырлы еңбегі үшін аудандық полиция бөлімі терминалды полиция тобының жедел уәкілі, полиция капитаны Абзалбек Сисенов, ауданда қорғаныс істері саласындағы ұзақ жылғы қажырлы еңбегі үшін аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жасақтау қызметінің басшысы Жәнібек Келинберлин, прокуратура саласындағы қажырлы еңбегі үшін аудандық прокураторасының күзетшісі Еркебұлан Ақылбаев, аудан көлемінде табиғи және техногендік сипаттағы әртүрлі төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдағы қажырлы еңбегі үшін аудандық №18 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі – құтқарушысы, азаматтық қорғау кіші сержанты Мұрат Тапашев, білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие берудегі еңбегі үшін Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Нұрлан Дүйсеғалиев, Ақшатау орта мек-

тебінің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Ерлан Мерғалиев, Ойыл аграрлық колледжінің алғашқы әскери дайындық пәні оқытушысы Сүйіндік Өскінбаев марапатталса, Кеңес Одағының батыры, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы төсбелгісімен Сарбие ауылдық округінің әкімі Дәурен Бисебаев наградталды. Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы подполковник Әділет Отарбаевтың алғыс хатымен қоғамдық кеңес мүшесі Ләззат Байманова марапатталды. Мерекелік шарада полиция қызметкерлері қоян-қолтық ұрысының әдіс-тәсілдерін көрсетсе, Ш.Бекмұхамбетова мектеп гимназиясының жас ұландары автоматты шашып, жинауларымен тәнті етті.

Ал, кеше ғана Отан алдындағы борышын өтеп келген Алтынбек Ырысқалиев өз лебізін білдіріп, мерекемен құттықтады. Жас ұландардың саптық көрсеткіштеріне ұласқан шара соңын аудан көркемөнерпаздары әнмен шашу шашып, бимен көмкерді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

«БІР АУЫЛ. БІР ӨНІМ»

БҰЛ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА. РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОБАҒА ӨТКЕН ЖЫЛЫ 4 ӨНІР ТАҢДАП АЛЫНҒАН БОЛАТЫН. ЖОБА АЯСЫНДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ЖҰМЫССЫЗ ОТЫРҒАН ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ТҮРЛІ БҒЫЙЫМДАР ЖАСАП, БІР АУЫЛДЫҢ АТЫМЕН БРЕНД РЕТІНДЕ ЖАСАП ШЫҒАРМАҚ ТАУАРЛАР ЕЛ ІШІНЕ ЖӨНЕ ШЕТЕЛДЕРГЕ ЭКСПОРТҚА ДА ШЫҒАРЫЛАДЫ. ӨРІ ТАБЫС КӨЗІ БОЛАДЫ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ СӨТТІ ЖҮЗЕГЕ АСҚАННАН КЕЙІН БИЙЛДАН БАСТАП БҰЛ ЖОБА ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРІНДЕ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ.



«Бір ауыл — бір өнім» жобасы алғаш Жапонияда ойлап табылған. Өңірлерді дамыту мақсатында әзірленген жоба халықтың әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қосты. Жоба аясында белгілі бір аймақтың еркіштігін көрсететін бірегей, сапалы өнім өндіруге болатын саланы табу, жергілікті ресурстардан сапалы өнім өндіруді, бизнесті басқару, маркетинг пен өнімді өткізу мүмкіндіктерін кеңейту, жергілікті және халықаралық нарықтарда өнімді тарату, жергілікті брендтер шығару және өнімнің құндылығын арттыру тұрғысынан өндірушілердің дағдыларын дамытуға бағытталған. Енді еліміздің барлық өңіріне қанат жайған жобаның жай-жапсарын түсіндіру үшін осы аптада Ойылға «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының жанынан құрылған топ мүшесі облыстық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы, төлімгер Құлпаршын Айдарханова мен палата жанындағы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының менеджер-кеңесшісі Данат Сәрсенов келіп, аудандағы кәсіпкер келіншектермен кездесті. Аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов аудан кәсіпкерлерінің бүгінгі тынысымен таныстырса, Құлпаршын

Алпысбайқызы жобаның мақсатын түсіндіріп, кеңес берді. Кәсіпкерлермен емен-жарқын әуапат құрып, сауалдарына жауап берді. «Бір ауыл – бір өнім» жобасы өңірдегі бірегей өнімдерді іздеуге, жергілікті тауарлар мен өнімдерді өндіруді дамытуға ынталандыруға, сонымен қатар тек жергілікті шикізатты пайдаланатын өндірушілерді біріктіруге негізделген. Негізі – ынтымақтастық, оның тұжырымдамасын әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы алға ілгерілетеді. Жергілікті атқарушы органдардың көмегімен ауылда кооперативтік жүйе құрып, сол арқылы ауыл тұрғындарының табысын арттырып, жергілікті өнімді өткізуге көмектесіп, ауылды жұмыспен қамтамасыз ететінімізге сенімдімін. Бұл қазір ерекше өзекті. Сондай-ақ, өңірде «Ауыл аманаты» аясында несиелеу белсенді жүргізіліп жатыр. Оның бизнес-жобалары «Бір ауыл – бір жоба» қатысушыларымен ынтымақтаса алады», – деді Құлпаршын Айдарханова. Құлпаршын Алпысбайқызы ауданға сапары барысында ауыл өнімдерінің көрмесімен және «Жылыжай» кешенінің жұмысымен танысты.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

05 мамыр 2023 жыл № 3 Ойыл селосы
Аудандық мәслихаттың кезекті үшінші сессиясын шақыру туралы
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2 тармағына сәйкес
ШЕШІМ ЕТЕМІН:
Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті үшінші сессиясы 2023 жылдың 17 мамыр күні сағат 15.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залына шақырылсын.
Сессияның күн тәртібіне мына мәселе енгізілсін:
1. «2023-2025 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы
2. «2022 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы»
Хабарламашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы
3. Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 29 наурыздағы №118 «Аудан әкімі орынбасарының Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңын ауданда жүзеге асыру жөніндегі есебі туралы» шешімінің орындалуы туралы
Хабарламашы: С.С.Сүлейменов – аудан әкімінің орынбасары
4. Басқа да мәселелер
Аудандық мәслихаттың төрағасы: С.Ф.Займолдин

ЖОЛДЫҢ САПАСЫ — ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Өткен аптада Ойыл аудандық мәслихатының депутаттары, қоғамдық Кеңес мүшелері аудан көлеміндегі жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарымен танысып, жөндеу жұмыстарын жүргізуге жауапты мердігерлермен кездесті. Арнаулы топ алдымен аудандық маңызы бар Қайыңды ауылының кіреберіс жолының орта жөндеу жұмысымен танысты. «Ақпан-2023» ЖШС-нің жұмысына өткен жылы ауыл тұрғындары тарапынан көп сын айтылған еді. Мердігерге биыл жалғасын тапқан жұмыстың межелі мерзімінде сапалы аяқталуын ескерткен халық қалаулылары одан кейін аудандық маңызы бар автомобиль жолы Ақкемер ауылына кіреберісіне басталған орташа жөндеу жұмысын көрді. Жуырда ғана жеңімпаз деп танылған жауапты мердігер «Ерболь-ЭЛЬ»

ЖШС-інің жетекшілеріне де талаптардың толық сақталуын қамтамасыз ету ескерілді. Ал, «Ойыл-Қараой» бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының орташа жөндеуі мен Сарбие ауылының кіреберіс жолының жұмысы биыл үшінші жылға ұласып отыр. Жауапты мердігер «Тайбурыл и ШАН» ЖШС-нің әлеуетінің төмендігінен бөлінген қаржы бірнеше мәрте кейін шегерілді. Кездесу барысында аталған жөндеу жұмыстарының сапалы орындалуы, уақытында аяқталуы, қажетті техникалармен қамтылуы және тағы басқа мәселелер талқыланды. Мердігер компания өкілдерімен тілдескен депутаттар жолдың сапалы жөндеуіне маңыз беріп, депутаттық бақылау жүргізілетіндігі ескерілді.

ҰЛЫ ЕРЛІК - ҰРПАҚҚА ҰЛГІ



Өскелең ұрпақ кешегі қан майдан уақытында жаумен арпалысқан ер-азаматтарын азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етіп, еңбекпен ұйықтап, еңбекпен ояңған осынау елді егемен қылған тыл ардагерлерін естен шығармауы керек. Осы орайда 9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне отан қорғаған тарихи тұлғалардың ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсіміне аудан орталығындағы мектептер қатысты. Өткен апта Ж.Жүсібаевтың атындағы қазақ орта мектебінің ұйымдастыруымен ақтарының атасы Шығанақ Берсиевке арналған ерлік сағаты өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев арнайы қатысып, соғыстың қысылтаяң кезеңінде жерігі жасымай еңбек еткен

ерендеріміздің ерлігін мәңгі есте сақтау бейбіт ұрпақтың парызы екенін атап өтті. Келесі кезекте оқушылар Шығанақ Берсиевтің өмірі мен ерлігі туралы баяндаса, жиын соңы Шығанақ атамыздың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен аяқталды. Сонымен қатар, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары мен ұстаздары Жеңіс күні мерекесі қарсаңында Кеңес Одағының батыры Николай Оноприенкоға арналған ескерткішке жиналып, ерлікке тағзым етті. Тағылымдық шараға Ш.Берсиев атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры Балқия Рысбаева қатысып, төлімі мен тәрбиесі мол әңгімесін жеткізіп, жас ұрпақты бабаларымыздың ерлігіне бас июге шақырды.



«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 42-2 бабына сәйкес, тұтынушы арыз шағымдары 3 сатылы жүйемен қаралады.

Біріншісінде сатушы (орындаушы, дайындаушы) тұтынушы арызсын өзі қарайды немесе сотқа дейінгі реттеу субъектілері арқылы шешуге әрекет жасайды.

Екінші сатысында тұтынушы құқығы бойынша мемлекеттік органдарға шағымданады. Бұл жерде айта кететіні, әр мемлекеттік органдар құзыреті бойынша бақылау-тексеру актісімен белгіленген тәртіпте тұтынушы құқығын бұзушы субъектілерге шаралар алады.

3-ші сатысында тұтынушы сотқа талап арыз беріп құқығын қорғайды, сот арқылы моральдық және басқа келтірілген зиянын өтеуге құқылы. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 42-4-бабына сәйкес, құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған тұтынушы сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды жою және тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан осы бұзушылықтар келтірген залалды (зиянды) тұты-

нушыға ерікті түрде өтеу туралы наразылықпен жүгінуге құқылы. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) тұтынушының наразылығын қарауға және тұтынушының талаптарымен келіспеген жағдайда тұтынушының наразылығын алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде құжатпен негізделген дәлелді жазбаша жауап ұсынуға міндетті.

Егер сатушы (дайындаушы, орындаушы) күнтізбелік он күн ішінде наразылыққа жазбаша жауап бермесе немесе бұзушылықтарды жоюдан және тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан келтірілген залалды (зиянды) ерікті түрде өтеуден бас тартса, сондай-ақ тұтынушылық дауды сотқа дейінгі тәртіппен қарауға қатысудан бас тартса, тұтынушы уәкілетті органға, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жүгінуге құқылы. Мемлекеттік орган тарапынан мұндай заңбұзушылықтарға жол берген кәсіпкерлік субъектілеріне «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, әкімшілік шаралар алынады. Қазақстан Республикасы Сауда

және интеграция министрлігі (бұдан әрі-Министрлік) 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап тұтынушылардың өтініштерін жедел және сапалы қарауға арналған "e-tutynushy.kz" тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін іске қосылды. Бірыңғай ақпараттық жүйеде тұтынушылар шағымын жедел қарау үшін бизнес субъектілері, сотқа дейінгі реттеу субъектілері және мемлекеттік органдарды енгізу қарастырылған. Осы ретте, бизнес субъектілеріне аталған ақпараттық жүйе тиімді, себебі аталған жүйе тұтынушылардың қанағаттану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді және наразылығы туындаған жағдайда басшылық тарапынан қысқа мерзімде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Осылайша бизнес субъектілерінің "e-tutynushy.kz" бірыңғай ақпараттық жүйеге тіркелуі өз қызметтерінің оң имиджін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

"e-tutynushy.kz" бірыңғай ақпараттық жүйесі туралы қосымша ақпаратты Ақтөбе облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне 8 (7132)-54-46-49 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Г. АЛМАТБАЕВА,

Ақтөбе облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы.

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ И ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ! ОБ ЕДИНОЙ ИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЕ «Е-TUTYNUSHY.KZ»

В соответствии ст. 42-2 Закона Республики Казахстан «О защите прав потребителей» жалобы потребителей рассматривается в 3 этапа.

На 1-м этапе: обязательное рассмотрение требований потребителей продавцом, поставщиками услуг, исполнителями. Здесь акцент будет сделан на досудебном разрешении споров между потребителем и продавцом, поставщиком услуг, и на участии третьих лиц-неправительственных организаций, представляющих интересы потребителей.

Субъектами досудебного урегулирования являются общественные объединения, осуществляющие деятельность по защите прав потребителей, медиаторы, саморегулируемые организации. В Актобинской области зарегистрировано и функционирует 4 общественных объединения, 5 медиаторов, 3 саморегулируемых организации, всего 12 субъектов досудебного урегулирования.

При этом в 10-дневный срок порядок рассмотрения обращения потребителей закреплена законом. Т.е. предприниматели, не предоставляющие ответы на претензию потребителей, будут привлечены к административной ответственности.

На 2-м этапе потребитель обращается в государственные органы в защите своих прав и законных интересов. Здесь следует отметить, что каждый государственный орган, который имеет контрольно-надзорную функцию принимает меры к субъектам, нарушающим права потребителей, в порядке, установленном законодательством.

На 3-м этапе потребитель защищает свое право через суд.

С 1 января 2021 года вступили в действие Правила формирования, ведения и использования Единой информационной системы защиты прав потребителей (ЕИСЗПП), утвержденные Приказом Министра торговли и интеграции РК от 15 декабря 2020 года № 293-НҚ.

ЕИСЗПП - информационная система, предназначенная для автоматизации процесса приема и рассмотрения обращений потребителей, их систематизации и учета на всех уровнях системы защиты прав потребителей.

Посредством ЕИСЗПП обеспечивается рассмотрение обращений потребителей на всех уровнях системы защиты прав потребителей:

-продавцами (изготовителями, исполнителями) товаров (работ,

услуг), инициаторами (организаторами) игр;

-общественными объединениями потребителей, ассоциациями (союзами), юридическими консультантами, являющимися членами палаты юридических консультантов и оказывающими юридическую помощь, и иными лицами в соответствии с законодательством РК (представители законных интересов потребителей);

-субъектами досудебного урегулирования потребительских споров;

-уполномоченным органом, государственными органами.

Обращения потребителей по защите прав рассматриваются через ЕИСЗПП. Каждый потребитель после регистрации в сервисе e-tutynushy.kz, может подать обращение.

Представителям бизнеса необходимо зарегистрироваться в единой информационной системе «e-tutynushy.kz». Это позволяет напрямую принимать жалобы потребителей и своевременно разрешать возникшие споры.

По возникновению дополнительных вопросов о системе e-tutynushy.kz можете обращаться по телефону 8 (7132)-54-46-49 в Департамент.

Г. АЛМАТБАЕВА,

Гл. специалист Департамента торговли и защиты прав потребителей Актобинской области.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефонны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

ҚҰТЫРУ АУРУЫ

Құтыру ауруы - ежелден келе жатқан барлық сүтқоректілерге, ет қоректі жабайы аңдарға және адамға ортақ жіті өтетін ауру. Қоздырғышы вирус - рабдовирус негізгі айырмашылығы бұл вирус орталық нерв жүйесінің жасушаларында өсіп көбейеді. Ауру малдың сілекейінде, көздерінің жас бездерінде көп концентрацияда жиналады. Сыртқы ортада тұрақтылығы: 60 град. 10 минутта,100 градуста -тез залалсызданғыш. Салқын температурада айлап, жануарлар өлімтігінде 2-3 жеті сақталады, химиялық залалсыздандыру ерітінділерінің қатарына 1-2 %- лизол, сілтілер, 2-3 %-тік формалин, хлорамин ерітінділері жатады.

Негізгі ауру тарататын көзі (резервуары): Қаңғыбас ит, мысық және жабайы ет қоректілер, жыртқыш аңдар. Негізгі көзі топырақ, ит, мысық жыртқыш аңдар, тышқан тағы да басқа кеміргіштерден жұғады. Кейбір

елдерде ауру көзі жарқанат болып келеді, вирус құтырған иттің сілекейінде клиникалық белгілері байқалғаннан кейін 54-90%-ке дейін жиналады. Сондықтан ит клиникалық белгілері байқалғанша қапқан болса, (18 күн оқшаулау керек) сол уақытта итте белгі болмаса қорқынышты емес. Сондықтан шаруашылықтағы, жеке қожалықтағы сол сияқты ауылдық жердегі иттер есепке алынып, жылда құтыруға қарсы егіліп тұруы керек. Сырттан келген ит болса, егілгендігі туралы құжаты болуы керек. Егілген уақыты нақты көрсетіліп есепке алу қажет.

Жануарлардың құтырумен ауруы қалай өтеді және белгілері қандай?

Инкубациялық уақыты 7-8 күннен бір айға дейін созылуы мүмкін. Вирустың ауру шақыру уақыты жануардың жарақат алған жеріне байланысты. Клиникалық белгілері құтыруға тән агрессивтік

мінез көрсетеді.

Малдардың құтыру ауруы көбінесе қысты күндері, құрғақшылық қуаңшылық мезгілдері, қара күзде, қыс мезгілі қарсыз болған кездерде жиі кездеседі. Қар жамылғысына жасырылмай қалған құтырған кеміргіштерден жұғады. Ашыққан жыртқыштардың малды ауылдарға жақын келіп араласуынан болады. Құтыру ауруы тек құтырған аңның малды немесе үй аңдарын тістеу арқылы жалғаса береді. Құтыру ауруын лаборатория анықтамасының шешіміне қарап, күдік туған жердің эпизоотологиялық жағдайына, оқиға болған жердің сипатына қарай, ауру көзінің клиникалық суреттемесіне қарай анықталады.

Егер құтыру ауруына күдік туған жерде адам жарақат алса, жедел түрде жергілікті атқарушы органдарға, медицина қызметіне, мал шаруашылығымен айналысатын органдарға хабарлама жіберу керек.

ҚР АШМ ББЖҚК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

ҚЫРҒАУЫЛ (ЛАТЫНША- PHASIANUS COLCHICUS) - ТАУЫҚ ТҰҚЫМДАС ШАҒЫН ҚҰС.

Денесінің ұзындығы 85 см дейін жетеді. Салмағы 1,7-2 кг шамасында. Қоразы мекиенінен ірі болады.

Қазақстанда қырғауылдар тұқымдасының 6 туысқа бірігетін 8 түрі бар. Ең жиі кездесетін түрі — қырғауыл (Phasianus colchicus). Қазақстанда өзен жағалауындағы — тоғайлы, қамысты-қопалы жерлерді, Арал теңізінен, Алакөл ойпаңына дейінгі шөлді аймақтарды мекендейді. Олар тау беткейлерінде бұта өсімдігі жақсы өскен және алуан түрлі шөптеcің өсімдіктермен өскен жерлерде кездеседі. Қоразының құйрық қауырсындары өте ұзын, әрі қызғылт, қою жасыл, күлгін түсті. Мекиені қоңыр сұрғылт түсті . Отырықшы құс. Жерде жүргенімен, ағаш басына қонақтайды. Шұңқырлап жасаған ұясын жерге салып, оның бетін жасырып бүркемелейді. Мекиені сәуірден шілдеге дейін 10 — 14 сарғыш-қоңыр жұмыртқа салып, 23 — 24 күндей басады. Өсімдіктермен және әртүрлі омыртқасыздармен қоректенеді. Қырғауылдың еті дәмді. Оның кәсіптік маңызы бар, әуесқойлық тұрғыда ауланады. Антарктида мен Солтүстік жарты шардың биік ендіктерінен басқа барлық континенттерде кең тараған. Қырғауылтектерді орманда, далада,

шөлде және таудың түрлі биігінде кездестіруге болады. Жерде тіршілік етуге бейімделген; десе де ағашқа қонақтайды және оның тасасында түнейді. Құртектер сияқты, бұларға да күрделі құсойнақ тән. Көп ұшпайды, бірақ жылдам жүгіреді және шөп пен бұта арасында жақсы жасырына алады. Көбеюден басқа кезде аздаған топ құрып, жерде қоректенеді. Өсімдік қоректі азықты - тұқым, жидекті ұнатады, құрттар, моллюскалар, насекомдардан да бас тартпайды. Бұл мәліметтер әрине Уикпедидан алынды. Ал енді өзіміздің Ойылдықтарға бұл құс негізінен – «Қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен» деген ертектен басқа көп таныс емес. Дегенмен Ойыл ауылында осы құсты өсірумен әуестеніп жүрген азаматтар бар. Және осы азаматтар тарапынан қырғауылды Ойыл өзені бойына жерсіндіру туралы мәселе көптен қозғалуда. Осы ретте қырғауыл үй жануарына айналмаған құс болғандықтан, үй жағдайында, вольерде өсіріп, табиғатқа еркіндікке жібергенде тез жерсіндіретіндігі. Жоғарыдағы Уикипедия мәліметінде оның Каспий жағалауында жабайы түрі таралғаны айтылады. Әдетте нақты бір жерде жан-жануарды жерсіндіру кезінде

оның жергілікті түрлерге ықпалы, жеп-шөбіне ортақтасуы туралы, жергілікті түрді ығыстырып шығару қаупі ескеріледі. Ауданымызда қырғауылмен бәсекеге түсетін өзге құс түрлері жоқ. Шіл әдетте ашық жерді мекендегендіктен, қырғауылмен бәсекелес бола қоймайды. Осы ретте Ойыл өзені бойына халық жеткілікті дәрежеде тығыз қоныстанғандықтан, қырғауылдың адам тығыз қоныстанған жерлерде де жабайы түрде өсіп-өне беретіні ескеру қажет. Ойыл бойында суда жүзетін жыл құстарынан бөлек, кәсіптік маңызы бар өзге құстар, жануарлардың аздығы рас. Әсіресе қырғауыл мекендейтін су бойларындағы қамыс іші, Барқын орманы және тоғайлықтар кәсіптік құстарға өте кедей. Ал қырғауылға қажетті жем осы аталған жерлерде тұнып тұр. Қырғауылды Астана маңайына жерсіндіру жұмыстары жүргізіліп, өліміздің суық өңірінде де тез жерсініп кеткені мәлім. Сонымен бірге Кеңес Одағы кезінде өліміздің көп аймағында норка терізді терісі бағалы аңдарды жерсіндіргені мәлім. Сол терізді біздің ормандарда терісі бағалы аңдардан әктіін, норка, кәсіптік маңызы бар құстардан қырғауылды жерсіндіруді қолға алу қажет деп есептейміз.

МУЗЫКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН СЕМИНАР ӨТТІ

Аудандық білім бөлімінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес,2023 жылдың 10-мамыры күні Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінде «Музыка саласында шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың ойлау белсенділігін арттыру тәсілі» тақырыбында музыка пәні мұғалімдеріне арналған аудандық семинар-практикум өткізілді. Семинар-практикумға аудан мектептерінің музыка пәні мұғалімдері қатысты. Мектеп директорының міндетін атқарушы Р.Қалиев семинар жұмысын ашып,аудан білім бөлімінің әдіскері А.Атшибаева педагогтарға сәттілік тіледі. Мектеп психологы И.Ержанованың өткізген психологиялық тренингі, Л.Бекенованың 4-сыныптағы «Аспаптар әлемі» сабағы, «Домбыра» үйірмесінің жетекшісі М.Хайруллинаның және «Мәнерлер оқу» үйірмесінің жетекшісі Д.Жалғасованың жұмыстары қатысушылар көңілінен шықты. Л.Бекенова сыныптан тыс шарасы арқылы балаларды өнерге баулуға жасалынып жатқан жұмыстарын көрсетті. Семинар рефлексия арқылы тамамдалды. Аудандық семинар жұмысында өз тәжірибелерімен бөліскен педагогтар бөлім басшысының алғыс хаттарымен марапаттады.

САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІ МӘЖБҮРЛЕП ӨНДІРІП АЛУ ШАРАЛАРЫ

Салық органдары салық төлеуші — заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бей-резиденттің, дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның салықтық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады.

Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану тәуелді келдерді басқару жүйесінің нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

Мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану басталғанға дейін тәуелді деңгейлері орташа және жоғары салық төлеушіге, осы баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама жіберіледі.

Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу мынадай тәртіппен:

- 1) банктік шоттардағы ақша есебінен;
- 2) дебиторлар шоттарынан;
- 3) билік ету шектелген мүлікті өткізу есебінен;
- 4) жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару түрінде жүргізіледі. Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының тіс дәрігері Күмісқалиев Асхатқа ағасы

Асқардың

қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын — туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 642 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АУЫЛДАҒЫ ТОЙ — АҒАЙЫННЫҢ БІРЛІГІ

НАУРЫЗ – ТАБИҒАТ-АНАНЫҢ ҚҰШАҒЫНДАҒЫ ТҰТАС ТІРШЛІК ҚАЙТА ТҮЛЕЙТІН, БҮКІЛ ӨКПЕ-РЕНІШ СЕЙІЛІП, КӨКТЕММЕН БІРГЕ ДҮНИЕ ТЕПІС ЖАҢАРАТЫН ЖАРҚЫН ШАҚ. СОНДЫҚТАН БҰЛ КҮНДІ СӨН-САЛТАНАТПЕН АТАП ӨТУ БАБАЛАРЫМЫЗДАН ЖАЛҒАСҚАН АСЫЛ МҰРА ІСПЕТТІ. АЛАЙДА, БИЫЛҒЫ ҚАРДЫҢ ЕРТЕ КЕТУІ МЕН АСАУ ОЙЫЛДЫҒЫ АРНАСЫНАН АСУЫ АҚШАТАУЛЫҚТАРДЫҢ ЖОСПАРЫН АМАЛСЫЗ КЕЙІН ШЕГЕРУГЕ МӨЖБҮРЛЕДІ.



Өуелден ынтымақ пен бірлікті ту етіп келе жатқан ақшатаулықтар бұл жолы жер аяғы кеңігесін мамырдың мамы-ражай күндерін мерекелермен ұштастырды.

Ұлттық ойындар ұлықталып, арқан тарту, күрес, сияқты ұлттық ойын түрлерінен жарыс ұйымдастырылды. Ат бәйгесі делебесі қозатын ауыл

тұрғындарын ерекше шабыттандырды. Ақсақалдар жас өрендерге ақ батасын беріп, жұртшылыққа ізгі тілегін арнады. Ат бәйгесі дегенде алты шақырымдық тай жарысында Бұланның «Пырағы» қара үзіп келсе, Мұхит пен Есенгелдінің тайлары да мәреге басқалардан бұрын келді. Қазақ күресінен бас жүлдені белде-

скеннің бәрін жыққан Азат Шерниязов алса, Сағындық Аққұсов пен Жанарбек Табынбаевтарға қалған екі жүлде бұйырды. Қол күресте Алексей Құсайыновқа күші жетер жігіт табылмаса, жаяу жарыста Ақылбек Құрымбаевқа ешкім ілесе алмады.


Ақшатау - қарабайыр десем қадірін кетіргендей болармын, қарапайым ғана қоңыр тірлік көшіп, сүттей аппақ көңілі мен айрандай ұйыған берекесі өзіне тартып тұратын ауыл. Расында да, дәл осы мерекеде ақеділ ағайынның ынтымақ пен бірлігін, тату тірлігін көріп төбеміз көкке жеткендей әсерге бөленді. Оның бір себебі, аядай ауылдан арман қуып қалаға аттанған ауылдың жастары да, жасамысы да мерекеде туған жеріне келіп, қуанышты жұртшылықпен бөлісті.

Мерекелік шаралардан соң киіз үйде ас берілді. Ақсақалдар ақ тілегін жолдаса, Төлеу Сапаров азаматтарды өз күштерімен бастаған ауыл клубының құрылысын аяқтауға шақырды. Бәрінің де бір тілегі сол – ауыл клубының шырағы қайта жанса... Азаматтар аман болса, жақсы үміттің де орындарына сенім мол.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл – Ақшатау – Ойыл.

«МЕРЕҰЛІ ОТБАСЫ»

ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 қарашадағы №904 қаулысымен бекітілген

1. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі – конкурс) өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурс Отбасы күніне орай қорытындыланады.

Конкурсты өткізудің мақсаттары:

- отбасы институтын, адамгершілікті, руханилықты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану;
- ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;
- отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының

еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқор болуын дәріптеу және кеңінен насихаттау;

4)қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

2. Конкурсқа отбасылар (бұдан әрі – үміткерлер) қатысады. Конкурс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ашық нысанда өткізіледі.

3. Конкурстың жеңімпаз отбасысы комиссия шешімі негізінде айқындалады.

4. Конкурсқа қатысуға отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

Құжаттарды қабылдау уақыты 2023 жылдың 15 мамырдан бастап 15 маусым аралығы

Байланыс телефондары: 8(71332) 21153, 22019

«Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ

АНАЛАРДЫҢ ҚУАНЫШЫНА СЕБЕПКЕР МАМАН



Өмірге дені сау, он екі мүшесі бүтін бала әкелуі – әр ананың арманы. Әр нәресте жарық дүниеге келгенде оның кіндігін кесіп, алдымен қолға алатын акушер, гинекологтың алдында үлкен жауапкершілік тұрады.

Осындай зор жауапкершілік арқалап

жүрген жанның бірі - Анар Нарынбаева. Қаратал ауылының Ш.Берсиев атындағы қазақ орта мектебінің түлегі. 2002 жылы Ақтөбе медициналық колледжіне оқуға түсіп, 2005 жылы акушерлік мамандығын алып шығады. 2006 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Ойыл аудандық ауруханасының перзентхана бөлімінде акушер қызметін атқарып келеді.

Анар үшін құрмет - аналардың алғысы, сәбилердің амандығы. Ал, көптің алғысына бөленіп жүрген жан еңбегіміздің еш кетпегеніне бізде қуанамыз дейді. Анардың ендігі арманы перзентхана қайтадан жаңданып, аналар өзімізде сәбилерін дүниеге әкелсе дейді.

Көптің алғысына бөленіп жүрген Анар Аманкелдіқызы бүгінде аяулы ана. Отбасында төрт бала тәрбиелеп отыр.

СҮЙІКТІ КӘСІБІНІҢ СЫҰЫ

МЕЙІРБИКЕ ІСІ – ЖАУАПТЫ ӨРІ АДАЛДЫҚ ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МАМАНДЫҚ ЖАЛПЫ, МЕЙІРБИКЕ НАУҚАСҚА ЕҢ JAҚЫН ӨРІ ҚАМҚОРШЫ АДАМ. ӨЙТКЕНІ, СЫРҚАТ ЖАНДЫ ЕҢ БІРІНШІ БОЛЫП КҮТІП АЛЫП, ШЫҒАРЫП САЛАТЫН СОЛ.



Сол себепті мейірбикенің өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдына келген науқасқа жанашырлық танытуы бәрінен маңызды. Онан бөлек, бүгінде орта буын медицина қызметкерлеріне қойылатын талап деңгейі

де заман ағымына сай жоғарылады. Кәсіргі заманауи медбике жоғары білікті, терең білімді әрі қажет болған жағдайда науқасқа психологиялық қолдау білдіре алады.

Міне, осы жолда аянбай еңбек етіп келе жатқан жанның бірі – Ойыл аудандық ауруханасының мейірбикесі Әсима Бисенғалиева. Ұзақ жылдардан бері емханада туберкулезге қарсы күрес кабинетінің медбикесі болып келе жатқан ол өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарайды. Ол үшін алдымен науқастың көңіл-күйі маңызды. Дәрігер нұсқауы бойынша науқастарға ем жасайтын маман уақытпен санаспай, жүрек қалауымен таңдаған кәсібін ұзақ жылдардан бері абыроймен атқарып келеді.

– *Жұмысты махаббатпен, ұқыпты орындаған кезде одан нәтиже шығады*, – дейді ол. Әсима еңбек жолын алғаш бастағаннан күні бүгінге дейін мейірбикелік істің қыр-сырын меңгеріп, мол тәжірибе жинаған жан.

МЕЙІРІМДІ МЕДБИКЕ



Адам өмірде екі нәрседен қателеспеуі керек. Біріншісі мамандық таңдаудан, екіншісі жар таңдаудан. Осы бір таңдаудан қателескен адамның болашағы бұлыңғыр көрінетіні сөзсіз. Ал, біздің ауылдың аяулы анасы, "Мейірбике" маманымды медбикесі Жанаргүл Мұхамбетова екеуінен де қателеспеген адам.

1990 жылы Ақтөбе медициналық институтына оқуға түсіп, "Мейірбике" мамандығы бойынша тәмамдап, шілде айынан бастап Шұбарши ауылына жас маман болып жұмысқа орналасты. Өз ісінің шебері, сүйікті саласын

сүйсіне жасаған Жанаргүл медбике осы ауылдан өз сүйгенін тауып, сол жылы шаңырақ құрды. Бүгінде бір қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірген ана, немере мен жемдерінің сүйікті әжесі.

– "Жақсының жақсылығын айт ырысы тасысын" деген дана қазақ. Жанаргүл Мұхамбетова өз ісіне адал, жанына ем іздеген ауыл тұрғындарына шипа салып, керек дәрі-дәрмектерін уақытылы табыстап, ем -домын беріп келеді. Ауылдың ардақтысы, ақ халатты абзал жан бүгінде біздің ауылдың мақтаншысы десек артық емес. Өйткені еңкейген қарт пен еңбектеген балаға дейін осы кісінің арқасында келер кеселдің алдын алып, аурудың емін іздемей, ауырмаудың жолын іздеп жүр десем артық айтқаным емес. Міне осындай мейірімді медбикесі бар біздің ауыл Жанаргүл Мұхамбетова ханымды өздерінің мақтаншысы санайды.

Өз ісін сүйсіне жасаған маман иесін өз ауылы да сүйсіне жақсы көреді. Шұбарши ауылының шалы мен кемпіріне, жасы мен шақалағына шипасын салып жүрген медбикемізге бізде шын көңілден жақсылық тілейміз. Еңбегіңіз табысты, отбасыңыз аман, ұрпағыңызбен мың жасаңыз мейірімді медбике Жанаргүл Мұхамбетова ханым.

Төлеген БАЙҚУАТ,
Шұбарши ауылы.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАНАШЫРЫ



Ақ халатты абзал жандардың еңбектері қандай марапатқа болса да лайық. Медбикелер - шеберлік пен білімді ұштастырған, науқас жанға жан-жақты күтім жасайтын, тиянақты ем-шарасымен бірге жылы сөзімен жағымды көңіл-күй сыйлап, аурудан тез айығуына ықпал ететін кішіпейіл де мейірімді жандар. Олардың адамдарға сүйіспеншілікпен қарауы да маңызды. Бүгінгі медбикелерді тек дәрігер айтқанының орындаушысы ғана деп түсінуге болмайды. Олардың міндеті ауқымды. Дәрігер алдына келген науқастың қабылдауға дейінгі барлық жұмысын тап-тұйнақтай

етіп және одан кейінгі сан түрлі шаруаны атқаратын да осылар. Бала дәрігерінің бойында сәбидің пәк көңіліндей тазалық пен мейірбан жүрек болуы шарт. Бойына осындай қасиеттерді жинаған Гүлназ Мәжитқызы орталық ауруханада қызмет атқарып келе жатқанына 37 жылдан аса уақыт болды.

-Мейірбике болу үшін ең бірінші сабырлылық, адамға деген жанашырлық қасиеттер керек. Әсіресе балаларға жылы шырай танытып, оған деген ыстық ықыласыңды шынайы жеткізе алуың қажет, - дейді ол. Гүлназ ханымның денсаулық саласында алған алғыс хаттары мен марапаттары бір төбе. Сонымен қатар өлемде жайлаған «COVID-19» кезінде жанқиярлық ерлік пен қайырымдылық көрсеткені үшін «Ақ жол» демократиялық партиясының Президиумы атынан төсбелгімен наградталды. Аудандық аурухана қабырғасында ана мен балаға көмегін аямай жүрген Гүлназ Нұржанова бойындағы адами асыл қасиеттерін, жақсылық жасауға асығып тұратын кішіпейілділігін, кәсіби біліктілігін кішкентай бүлдіршіндер мен олардың ата-аналары, жанында жүрген әріптестері жоғары бағалайды.

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН, МЕРЕЙЛІ ЖАНДАР!

БИЫЛ 27-28 СӘУІР КҮНДЕРІ ОРЫНБОР ҚАЛАСЫНДА «ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ МЕДИЦИНА - САПАЛЫ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРҮДІҢ НЕГІЗІ» ТАҚЫРЫБЫНДА 1-ШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ. ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ МЕН ОРТА МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ӨТКЕН КОНФЕРЕНЦИЯҒА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕДБИКЕЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.



Білімді жетілдіру, тәжірибе алмасу, профилактикалық медицинадағы өзекті мәселелерді талқылау мақсат еткен шара барысында профилактикалық медицинадағы ғылыми зерттеулердің тәжірибесі мен нәтижелері айтылды. Конференция аясында техникалық секциялар бойынша жұмыстар жүргізілді, онлайн баяндамалар жасалды. Орынбор қаласында болып өткен Халықаралық форумға көршілес елдерден орта буын медицина қызметкерлері келіп қатысып, тәжірибе алмасты. Сондай-ақ, конференция отырысы барысында Орынбор қаласының орта медицина қызметкерлерінің төрағасы А.В.Володин бастаған қауымдастығы

және Ақтөбе облысының төрағасы И.В.Кальян бастаған қауымдастық арасында қосымша білім беру, кәсіптік білімді, іскерліктер мен дағдыларды кеңейту, тереңдету және жетілдіру, сондай-ақ жаңа (қосымша) құзыреттерді игеру үшін одан әрі жұмыс істеу үшін ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылып және тәжірибе алмасу болды. Аталған шара мейірбикелердің біліктіліктерін арттыруына да өз септігін тигізеді.

12 мамыр Дүниежүзілік Медбикелер Кеңесінің ұйғарымымен бастау алып, содан бері, «Медбикелер күні», - деп аталып келе жатқан осы күнді ресми мереке ретінде атап өту бүгінде дәстүрге айналды. Ұлы Отан соғысы жылдарында жаралы жауынгерлерге шұғыл медициналық көмек көрсетіп, оқ пен оттың ортасында жүріп қызметтік міндетін адал атқарып, Жеңіс күнінің жақындай түсуіне үлкен үлес қосқан мейірбикелер мен фельдшерлер қатары аз болған жоқ. Сондықтан қан майданда қан кешіп, қатыгез жауды жеңуге септігін тигізген мейірбикелер мен санитарлардың орны қашанда бір бөлек. Денсаулық сақтау саласында халық денсаулығын жақсарту жолындағы мейірбикелер еңбегі ұшан теңіз. Осы саланың барлық сатысында мейірбикелер еңбегі көрініп

тұраы анық. Ұлт денсаулығын жақсарту бағытында атқарылып жатқан жемісті жұмыстар осының айғағы. Халық денсаулығын жақсарту, медициналық қызмет сапасын арттыру, халықты қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз ету, медициналық алғашқы жәрдемді жетілдіру, ана мен бала денсаулығын қорғау, аурудың алдын алу бағытындағы скринингтік тексерулер, тұрғындарды салауатты өмір салтына баулу, басқа да қаншама шаралардың жүзеге асырылуындағы мейірбикелердің қызметтік міндеттері олардың денсаулық сақтаудың барлық саласындағы орнын көрсететіндігінің тағы бір дәлелі. Сондықтан науқасты қабылдағаннан бастап, оны емдеу барысындағы барлық күйбең тіршіліктің бел ортасында жүретін мейірбикелер еңбегі қоғам алдында қашанда бағалауға лайық жасайды – тамшылар қояды, таңғыштарды ауыстырады, қысымды өлшейді, температурасы мен жалпы жағдайын бақылайды, ауыр науқастарды емдейді. Олардың қамқор қолдары мен мейірімді жүрегі науқастарға операциядан кейінгі алғашқы қамдамдарды жасауға, ауруларды

Наурызбаева. Көңілі жайдары, жүзінен нұр шашып тұратын бұл ақ желеңді абзал жанды алғаш көргенде-ақ, адам жанының арасашы болу үшін жаралған ба деген ой түйесің. 36 жылдан астам уақыт науқастармен жұмыс істедің қыр-сырын меңгерген Анаргүл Қауышқызы алдына келген қай адамның болмасын тілін тауып, көңілін аулайды. Осы уақыт ішінде ол сырқаттанып ем іздеген талайдың дертіне дауа, көңіліне демеу бола білген. 1987 жылы Ресейдің Свердловск қаласындағы медициналық училищені оқып жүргенде бастап, кейін туған ауылына келген қаршадай қыз бүгінде ұжым арасында абыройға ие, құрметті қызметкер.

Өз мамандығына деген адалдығы болар, медбикеге тән қасиеттер – мейірімділік, науқастарға деген жылы көзқарас пен ілтипат, әсіресе, емдеуші тағайындамаларын дер кезінде орындайтын Анаргүл бүгінде аудандық аурухананың жүкті аналар кабинетінің акушеркасы. Ақжарқын келбетімен, кеңпейілділігімен адам жанын баурап алатын Анаргүл жас келіндердің сырласар досындай болып кетті.

емдеуге, өз күшіне сенуге көмектеседі. Пандемия кезеңіндегі сіздің әрбір науқастың өмірі үшін жанқиярлықпен күрескеніңіз, өз денсаулығыңызды аямай, туыстарыңыздан бөлек үлкен физикалық және моральдық ауыртпалықтарды иығыңызға көтергеніңіз үшін ерекше ризамыз.

Өз кезегінде, мемлекет тарапынан да медицина саласы қызметкерлеріне біршама қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтсақ, індет кезінде үстемақылардың берілуі, «Дипломмен-ауылға» бағдарламасы аясында біржолғы көтермеақы мен жеңілдетілген несие алып, үй сатып алуға мол мүмкіндік туғызып отырғандығы қуантады. Бүгінде аудандық денсаулық сақтау саласында 163 мейірбике еңбек етуде.

Құрметті мейірбикелер, сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге шынайылық пен мейірімділік, шыдамдылық пен адалдық тілей отырып, өз қызметіңіздегі жауапкершілікті және жоғары кәсіби қабілеттеріңіз үшін алғыс білдіремін! Осы ауданның денсаулық саласына өз үлесін қосып жүрген әрбір мейірбикеге алғыс шексіз. Сіздерге дендеріңе саулық, отбасыларыңызға бақыт пен береке тілеймін!

Ігі тілектен, бас мейірбике
Дархан Сағынғанқызы.